



**«Күншуақ» бөбекжай -бақшасы» МКҚК**

**Тақырыбы: «Жемістер»**

**(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)**

**Тәрбиеші: Искакова Р.Ж**

**2024 ЖЫЛ**

## **Тақырыбы: «Жемістер»**

### **Мақсаты:**

балаларға жеміс түрлері, қасиеттері туралы мағлұмат беру, атауларын атап, дәмдерін ажырата алуды, танып білуді үйрету және пайдалығымен таныстыру, белсенділігін арттыру;

олардың іс-әрекетін басқару арқылы ой таласын туғызу, білім-біліктілігін дамыта отырып, анық тілмен сөйлеу қабілеттерін дамыту.

**Сөздік жұмыс:** жемістер: алма, алмұрт, апельсин, банан, жүзім.

**Керекті құралдар:** жемістер салынған себет, жеміс-жидектердің суреттері.

### **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

#### **Мотивациялық-қозғаушылық:**

-Балаларға жеміс-жидектер туралы мағлұмат беру, оларға деген қамқорлық таныту.

-Балалар, біздің топтың есігінің алдына біреу себет тастап кеткен. (Себеттің ішінде жеміс-жидектер бар) Жемістерді «Бұл не?», «Түсі қандай?», «Пішіні қандай?» сұрақтарының көмегімен танысып білу. Жемістердің пайдасы жөнінде мағлұмат беру.

Жемістердің адамға ағзасына пайдасы көп. Жемістердің тосабын жеп, шырынын ішеміз, сонымен қатар компот, джем, қақ жасауға болады. Оның құрамында В1, В2, В6, С дәрумендері бар. Жемістерден күнделікті тағамға, салаттарға пайдаланамыз. Себеттегі жемістердің пішінін, түсін, сұрау. Сонымен қатар бағбаншы хат жазған, хатта балалардан көмек сұрап тапсырмалар берілген.

#### **1. Тапсырма.**

Жемістердің жетпеген бөліктерін толықтыру. Балалар ермексазбен жемістердің түр-түсіне қарай толықтыру (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)

#### **2. Тапсырма.**

Сыңарын тап. Екіге бөлінген жемістердің сыңарын табу. (Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)

#### **3. Тапсырма.**

Сөйлеуді дамыту. (Пиктограмма арқылы сөйлем құрау) Балалар өз суреттерінің көмегімен жемістерді қолдана отырып сөйлем құрастыру. Мысалы: «Мен алма жеймін» (Коммуникативтік дағдыларды дамыту)

### **Қорытынды:**

**Ойын:** «Алма кетті домалап» (Салауатты өмір салтын қалыптастыру)

Алма кетті домалап,

Көше бойын жағалап.

Кім алманы табады,

Сол ақылды бала болады.

Сұрақ-жауап арқылы жемістерді. (Бұл не? Оның түсі қандай? Пішіні қандай?)





